

**«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА**

1. «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қор) отырысы «Самұрық-Қазына» АҚ сайтында орналастырылған ҚК-ның жұмыс жоспарына сәйкес 2-3 сағат бойы өткізіледі.
2. Сыртқы сарапшылар кеңес жұмысына тек Zoom қосымшасы арқылы қатысады. Отырысқа қатысу үшін іс-шара өткізілгенге дейін үш күннен кешіктірмей қатысу ниеті туралы хабарлап, Қоғамдық кеңес Хатшылығының kogam@sk.kz электрондық мекенжайына сауалдар тізбесін жіберу қажет.
3. Сыртқы сарапшылар түйіндемесін ілеспе хатпен қоса kogam@sk.kz электрондық поштасына жібере отырып, отырысқа қатысу үшін өз кандидатураларын дербес ұсына алады.
4. Отырыс барысында бірінші кезекте Қордың Қоғамдық кеңесінің төрағасы тікелей Қоғамдық кеңес мүшелеріне, содан кейін сауалдарын жолдаған сыртқы сарапшыларға, әрі қарай кезек тәртібімен өзгелерге сөз береді.
5. Жұртшылықты және медиа өкілдерін ақпараттандыру мақсатында Қоғамдық кеңестің отырысын өткізу туралы тиісті аңдатпа «Самұрық-Қазына» АҚ-ның @Samrukazynaofficial Telegram-каналында (гиперсілтеме) отырыс өткізілгенге дейін 1 күннен кешіктірмей БАҚ өкілдерін аккредиттеу үшін алдын ала жарияланады.
6. Ниет білдірген БАҚ өкілдері Zoom қосымшасы арқылы да, офлайн-форматта да отырысқа қатысып, оның барысын бақылай алады.
7. Қор алаңында отырыстар өткізу кезінде БАҚ өкілдеріне жұмыс істеу үшін барлық қажетті жағдайлар ұйымдастырылуы тиіс, яғни трансляция жүргізілетін жеке зал. Сонымен бірге БАҚ өкілдері мен операторлар отырыс өтетін залда жұмыстарын тікелей жүргізе алады.
8. Отырыс соңында офлайн қатысқан БАҚ өкілдері қатысушыларға сұрақ қойып, пікір алмасуға бастамашы бола алады. Отырысты онлайн бақылайтын журналистердің сұрақтары Zoom-конференция чатына жіберілуі және отырысқа қатысушыларға берілуі мүмкін.